

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы Салық заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 маусым N 893

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы Салық заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы  
Үкіметінің арасындағы Салық заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес  
саласындағы ынтымақтастық жөніндегі  
келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Литва Республикасы Үкіметі мен  
Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін  
басшылыққа ала отырып,

салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және оның жолын  
кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге  
байланысты міндеттерді тиімді шешудегі өзара мүдделілікті негізге ала  
отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің тақырыбы

1. Тараптардың құзыретті органдарының салық заңдарын бұзушылықпен

тиімді күрес жүргізуді ұйымдастыру мақсатындағы ынтымақтастығы - осы Келісімнің тақырыбы болып табылады.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

## 2-бап Терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін келесі терминдер көрсетеді:

а) "құзыретті орган"

- Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитеті;

- Литва Тарабы үшін - Литва Республикасы Ішкі істер министрлігі жанындағы салық полициясы департаменті.

Тараптардың құзыретті органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, ол туралы бір-біріне дереу жазбаша түрде хабарлайды.

б) "салық заңдарын бұзушылықтар" - салық заңдары саласындағы заң бұзушылықтар, олармен күресу Тараптың құзыретті органдарына жүктеледі.

## 3-бап Ынтымақтастық нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде мынадай ынтымақтастық нысандарын қолданады:

- заңды және жеке тұлғалардың салық заңдарын бұзуы туралы ақпарат алмасу;

- салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге бағытталған шараларды өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

- заңды және жеке тұлғалардың салық салуға байланысты құжаттарының куәландырылған көшірмесін тиісті үлгіде ұсыну;

- ұлттық салық жүйесі туралы, салық заңдарының өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпарат, сондай-ақ салық заңдылығының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында салық заңдарын бұзушылықпен күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныс алмасу;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресте қолданатын ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде тәжірибе алмасу;

- жұмысшы топтарын құруды қоса алғанда, ынтымақтастық барысында туындайтын мәселелер жөнінде қызметті үйлестіруді жүзеге асыру, өкілдер алмасу және кадрлар о қ ы т у ;

- салық заңдарын бұзушылықпен күрес проблемалары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

#### 4 - б а п

### Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу

1. Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу мынадай мәселелер бойынша ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы :

- заңды және жеке тұлғалардың салықтан жасырған салық заңын бұзуға байланысты қолданып к ө р с е т і л г е н ә д і с т е р і ;

- заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік және коммерциялық банктерде шоттар ашуы, сондай-ақ егер оларда салықтан жасырған сомалар бар деп есептейтін негіз бар болса осы шоттар арқылы қаражат айналымы;

- салық салу базасының мөлшерін айқындау және салық заңдарын бұзған заңды және жеке тұлғалардан алынған салық сомасы, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге байланысты.

2. Осы Баптың 1-тармағында көзделген ақпарат бір Тараптың құзыретті органына басқа Тараптың құзыретті органының сұрау салуы негізінде ақпарат ұсыну сұрау салынушы Тараптың ұлттық заңы мен мемлекеттік мүддесіне қайшы келмейтін ж а ғ д а й д а б е р і л е д і .

Егер Тараптардың бірінің құзыретті органы оның қолында бар ақпаратты басқа Тараптың құзыретті органы алуға мүдделі деп санаса, онда ол бұл ақпаратты жеке б а с т а м а с ы б о й ы н ш а б е р у і м ү м к і н .

#### 5 - б а п

### Ш а р а л а р ө т к і з у

Салық заңдарын бұзушылықтың алдын алу, ашу және жолын кесу жөніндегі шаралар өткізу кезінде мұндай заңды бұзушылық жасаған немесе оған күдікті адамдарға қатысты Тараптардың құзыретті органдарының өзара әрекет етуі бірігіп жоспарлауды, күштер мен қаражаттарды пайдалануды, осы шаралардың барысы және өткізу нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

#### 6 - б а п

## Құжаттардың көшірмесін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне сұрау салу арқылы заңды және жеке тұлғалардың салық салуға қатысты құжаттардың көшірмесін (шоттар, фактуралар, жүк құжаттар, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалар), сондай-ақ салық заңдарының бұзылуына қатысы бар мәселелер бойынша құжаттарды ұсынады.

Құжаттардың көшірмесі өкілетті адамының қолымен және сұрау салушы құзыретті органының мөрімен куәландырылады.

### 7-бап

#### Құқықтық сипаттағы материалдармен алмасу

Тараптардың құзыретті органдары Ұлттық салық жүйесі, қылмыстың тергеу жүргізудің құқықтық негіздері және салық заңдары саласында әкімшілік тәртіп бұзушылық жөніндегі істер бойынша өндіріс туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады, жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан немесе қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей салық заңдарындағы өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

### 8-бап

#### Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары бұзылған салық заңдарымен күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру және жүргізу мәселелері бойынша тәжірибелік, әдістемелер және ғылыми материалдармен алмасуды жүзеге асырады.

### 9 - б а п

#### Кадрлар даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің оқу орындарының базаларында кадрларды оқыту мен қайта даярлауда, ғылыми зерттеулерді, ғылыми-практикалық конференциялар мен салық заңдарын бұзу жөніндегі көкейкесті мәселелер бойынша семинарлар өткізуде ынтымақтасады, сондай-ақ сарапшылармен алмасады.

Осы баптың шеңберінде ынтымақтастықтың нақтылы нысандарын жүзеге асыру, атап айтқанда, оны қаржыландыру Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалатын келісімдерге сәйкес айқындалады.

## 10-бап

### Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға деген сұрау салу жазбаша немесе мәтін берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып берілуі керек.

Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда сұрау салу телефон байланысы арқылы ауызша қабылдануы мүмкін, алайда ол дереу жазбаша түрде расталуы керек.

Мәтінді беруде техникалық құралдарды пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұраудың растығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынушы құзыретті орган оның жазбаша нысанда расталуын талап ете алады.

2. Ақпарат алуға бағытталған сұрау мынадай мазмұнда болуы керек:

- сұрау салынған құзыретті органның атауы;
- сұрау салушы құзыретті органның атауы;
- сұраудың қысқаша мазмұны және оның негіздемесі;
- сұраудың орындалуы үшін қажетті басқа да мәліметтер.

Қылмыстық істер бойынша ақпарат алу үшін салынған сұрау оған қоса:

Нақтылы жағдайлардың қысқаша сипаттамасы;  
сұрау салынған Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес қылмыстың біліктілігі;  
келтірілген зиянның көлемі көрсетілуі тиіс.

## 11-бап

### Сұрау салудың орындалуы

1. Салынған сұрау орындалуға кідіріссіз қабылданады. Сұрау салынушы құзыретті орган нақтылау тәртібінде, егер бұл сұрауды орындау үшін қажетті болса, қосымша а қ п а р а т т а л а п е т е а л а д ы .

2. Сұрау салынушы құзыретті орган алған сұрауды орындау мүмкін

болмаған жағдайда сұрау салушы құзыретті органды ол жайлы кідіріссіз

хабардар етеді.

Сұрау салынған Тарап, егер бұл мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне зиян келтіретін болса, не болмаса мемлекетінің заңдарына қайшы келсе салынған сұрауды орындаудан бас тартады.

Салынған сұрауды орындаудан бас тартылу себебі туралы сұрау салушы құзыретті орган хабардар етеді.

3. Салынған сұрау салушы тараптың ұлттық заңдарымен келісіліп жүзеге асырылады.

## 12-бап

### Сұрау салуды орындау кезінде өзара әрекет ету

Сұрау салынушы құзыретті орган сұрау салушы құзыретті органның өкілетті өкіліне, егер бұл мемлекеттің заңдарына қайшы келмесе өз аумағында сұрауды орындауға бағытталған шараларға қатысуға рұқсат етуі мүмкін.

## 13-бап

### Тілдері

Ақпарат алуға бағытталған сұрау және оған берілетін жауап сұрау салушы Тараптың тілінде әзірленеді.

Сұрау салу басқа тілде орындалған жағдайда оған орыс тіліндегі расталған аудармасы қоса беріледі.

## 14-бап

### Ақпараттарды пайдалану

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарының бұзылуын болдырмауға, ашуға және жолын кесуге байланысты мәселелер бойынша ақпараттардың құпиялылығына кепілдік береді.

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат осы ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беріле алмайды.

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығындарды көтереді. Қосымша шығындарды талап ететін сұрау алған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселені өзара уағдаластық бойынша Тараптардың құзыретті органдары қарастырады.

Жоспарланған кездесу кезінде, басқа жазбаша уағдаластық болмаса,

қабылдаушы құзыретті орган өз мемлекетінің аумағында басқа құзыретті органның делегациясын қабылдауға байланысты барлық шығындарды төлейді, ал жіберуші құзыретті орган жол ақы төлемі бойынша делегация мүшелерінің шығындарын өтейді.

Кезектен тыс кездесу өткізген жағдайда оның бастамасы болған құзыретті орган барлық шығындарды өтейді.

#### 16-бап

Келісімді жүзеге асыру бойынша одан арғы шаралар

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша қажет болған жағдайда консультациялар өткізеді.

#### 17-бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты даулы мәселелер Тараптар арасында келіссөз және кеңес арқылы шешіледі.

#### 18-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы келісімге жекелеген хаттамалармен рәсімделетін Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы Келісімнің ажырамас б ө л і г і б о л ы п т а б ы л а д ы .

#### 19 - б а п

Келісімнің күшіне енуі және әрекетін тоқтатуы

Осы Келісім толық күшіне енуі үшін қажетті мемлекеттік ішкі

шаралардың толық орындалып біткені туралы соңғы хабарлау түскен күннен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің әрекетін тоқтатуға деген ниеті туралы басқа Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың бірі алған күннен бастап алты ай өткенге дейін әрекет етеді.

2000 жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ, литван және орыс тілдерінде екі данада жасалды. Мәтіндердің бәрі де бірдей күшке ие.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметі үшін

Литва Республикасы  
Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Орынбекова Д.Қ.